

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ПРОЦЕСС.  
КРИМИНОЛОГИЯ. КРИМИНАЛИСТИКА**

**УГОЛОВНОЕ ПРАВО И ПРОЦЕСС.  
КРИМИНОЛОГИЯ. КРИМИНАЛИСТИКА**

**CRIMINAL LAW AND PROCESS. CRIMINOLOGY. FORENSICS**

ҒТАХР 10.71.61  
ӘОЖ 347.965.43.45

10.51889/2959-6181.2025.79.1.010

А.А. Альшуразова<sup>1</sup> , Д.К. Рустембекова<sup>2\*</sup> , А.Б. Жуниспаева<sup>3</sup> 

<sup>1</sup>Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті

<sup>2</sup> Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

<sup>3</sup>І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

(e-mail: alshurazova-0807@mail.ru; dinara\_226@mail.ru; ainur\_zhunispava@mail.ru)

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ СОТ ӨНДІРІСІНДЕГІ  
АДВОКАТТЫҢ ІС ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Аңдатпа*

Мақалада адвокаттың қылмыстық және азаматтық процеске қатысуының тиімділігіне әсер етуі мүмкін мәселелер айтылады. Азаматтардың сапалы және білікті заң көмегін алуға конституциялық құқығын іске асыру мақсатын көздейтін құқық қорғау органы ретіндегі адвокатура рөлінің маңыздылығы сөз болады.

Сонымен бірге, қылмыстық және азаматтық сот ісін жүргізудегі адвокаттық қызметтің теориялық аспектілері мен айырмашылықтары, сондай-ақ оны іс жүзінде жүзеге асыру, сот ісін жүргізудің әртүрлі түрлеріндегі адвокаттың іс жүргізу айырмашылығын зерттеу және түсінуге назар аударылады.

Адвокаттың қылмыстық және азаматтық процестерге қатысуының негізгі белгілерін, сипаттамаларын, ерекшеліктерін анықтау арқылы сот ісін жүргізудің әртүрлі түрлерінде адвокаттың іс жүргізу жағдайының арақатынасын теориялық салыстыру және белгілеудің практикадағы арақатынасы да мақалада тілге тиек етіледі.

**Түйін сөздер:** қылмыстық іс, азаматтық іс, адвокат, қорғаушы, өкіл, күдікті, айыпталушы, талап қоюшы, жауапкер, клиент, келісім, ордер.

А.А. Альшуразова<sup>1</sup>, Д.К. Рустембекова<sup>2</sup>, А.Б. Жуниспаева

<sup>1</sup>Южно-Казахстанский университет им. Мухтара Ауэзова

<sup>2</sup> Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова

<sup>3</sup>Жетысуский университет имени И.Жансугурова

**ОСОБЕННОСТИ АДВОКАТСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В УГОЛОВНОМ И  
ГРАЖДАНСКОМ СУДОПРОИЗВОДСТВЕ**

*Аннотация*

В статье рассматриваются вопросы, которые могут повлиять на эффективность участия адвоката в уголовном и гражданском судопроизводстве. Обсуждается значение роли адвокатуры как правоохранительного органа, направленного на реализацию конституционного права граждан на получение качественной и квалифицированной юридической помощи.

При этом внимание уделяется теоретическим аспектам и различиям адвокатской деятельности в уголовном и гражданском судопроизводстве, а также ее практической реализации, изучению и осмыслению различий в поведении адвоката в различных видах судебных разбирательств.

В статье также рассматриваются теоретическое сопоставление и практическая значимость определения соотношения процессуального статуса адвоката в различных видах судопроизводства путем выявления основных признаков, характеристик и особенностей участия адвоката в уголовном и гражданском судопроизводстве.

**Ключевые слова:** уголовное дело, гражданское дело, адвокат, защитник, представитель, подозреваемый, обвиняемый, истец, ответчик, клиент, соглашение, ордер.

*A.A. Alshurazova<sup>1</sup>, D.K. Rustembekova<sup>2</sup>, A.B. Zhunispaeva<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup>Mukhtar Auezov South Kazakhstan University*

*<sup>2</sup>Karaganda University named after Akademik E.A. Buketov*

*<sup>3</sup>Zhetysu Zhansugurov University*

## **FEATURES OF LAWYER'S ACTIVITIES IN CRIMINAL AND CIVIL PROCEEDINGS**

### *Abstract*

The article examines issues that may affect the effectiveness of a lawyer's participation in criminal and civil proceedings. The importance of the role of the Bar as a law enforcement agency aimed at implementing the constitutional right of citizens to receive high-quality and qualified legal assistance is discussed. At the same time, attention is paid to the theoretical aspects and differences in advocacy in criminal and civil proceedings, as well as its practical implementation, studying and understanding the differences in the behavior of a lawyer in various types of legal proceedings. The article also examines the theoretical comparison and practical significance of determining the relationship between the procedural status of a lawyer in various types of legal proceedings by identifying the main features, characteristics and features of a lawyer's participation in criminal and civil proceedings.

**Key words:** criminal case, civil case, lawyer, defense attorney, representative, suspect, accused, plaintiff, defendant, client, agreement, order.

### *Негізгі ережелер*

Көптеген қылмыстық іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу ғалымдарының ғылыми еңбектерінде заңгердің процессуалдық ұстанымы сот ісін жүргізу түріне байланысты қалай және қандай түрде ерекшеленетіні туралы көптеген пікірлердің бар екендігін растайды. Осыған байланысты қылмыстық және азаматтық сот ісін жүргізу аясында адвокаттың процессуалдық және құқықтық жағдайына егжей-тегжейлі салыстырмалы талдау жүргізген дұрыс сияқты.

Сот ісін жүргізудің көрсетілген түрлеріне адвокаттың қатысу нысанынан бастау керек. Қылмыстық процесте адвокат өз қызметін қорғаушы, өкіл ретінде, сондай-ақ басқа қатысушыларға «кеңес беру» арқылы жүзеге асыруға құқылы. Азаматтық іс жүргізу «қорғаушы» ұғымын қамтымайды, сондықтан адвокат тек клиенттің өкілі болып табылады. Сонымен бірге, бір қызық ерекшелік, жалпы ереже бойынша қылмыстық процесте қорғаушы қызметін тек адвокат қана атқара алады. Қылмыстық істе адвокат қорғаушыда адвокаттық қызметпен айналысатын лицензия болмаса кез келген заңгер қылмыстық іске қатыса алмайды. Қорғаушы ретінде адвокатпен бірге айыпталушының жақын туыстарының бірі немесе айыпталушының өзі өтініш білдірген басқа адам шығарылуы мүмкін жағдай осы ережеден ерекшелік болып табылады. Егер істі бітімгершілік сот алдында жүргізетін болса, онда мұндай адам адвокаттың орнына да әрекет ете алады.

Сонымен қатар, азаматтық сот ісін жүргізудегі өкіл міндетті түрде адвокат болып табылмайды, өйткені Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 6-тарау Сотта өкілдік ету деп аталады, яғни осы кодекстің 58-бабына сәйкес сотта клиенттің мүдделерін адвокат мәртебесі жоқ басқа адамдар білдіруі мүмкін<sup>1</sup>. Мұндай тұлғалардың құқықтық құзыретті болуы және жоғары заң білімі немесе заң мамандығы бойынша ғылыми дәрежесі болуы керек. Сондай-ақ, міндетті түрде Заігерлер палатасына тіркелуі керек. Тағы бір ерекшелік: төрелік және аудандық соттардың судьялары қараған істерден заң білімі жоқ адамдар өкілдер бола алатын жағдайлар кездеседі.

Адвокаттардың қылмыстық және азаматтық іс жүргізуге қатысуындағы ерекшеліктердің ауқымы кең, оны белгілі бір жағдайларға қарап шектеуге болмайды. Өйткені, адвокаттар әрбір іс жүргізу сатысында өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде қорғау қызметін және өкілдік қызметін жүзеге асырады.

Дегенмен, барлық жағдайда адвокаттың өкілеттігі қалай бекітілгеніне назар аудару қажет.

### *Кіріспе*

Қазақстан Республикасындағы қылмыстық процесті білікті адвокаттың қатысуынсыз елестету мүмкін емес, өйткені ол қолданыстағы Қазақстан заңнамасының нормаларын сақтаудың және адам құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына жол бермеудің тамаша кепілі болып табылады.

Қазіргі қоғамда адвокат негізінен қылмыстық сот ісін жүргізудің субъектісі деген біржақты пікір бар. Әрине, адвокаттың жеке заңгерге қарағанда қылмыстық процеске қатысуға мүмкіндік беретін ерекше мәртебесі бар. Алайда, адвокаттың қызметі тек қылмыстық сот ісін жүргізуде заң көмегін жүзеге асырумен шектелмейді, өйткені адвокат азаматтық, конституциялық, әкімшілік істерді қарауға және шешуге қатысуға құқылы.

Кеңестер Одағы кезінен бастап адвокаттық қызметтің негізі негізгі заңмен бекітілген болатын. Еліміз өз тәуелсіздігін алып, өз Конституциясын қабылдағанда әрбір адамның білікті кәсіби заң көмегін ала алатынын бекітті. Сонымен қатар, ұсталған, тұтқындалған әрбір адам ұсталып, айып тағылғанда адвокаттың қорғаушының көмегін ала алады. Қажет болған жағдайда адвокаттың көмегі тегін берілуі мүмкін<sup>2</sup>.

Қазақстан Республикасындағы адвокаттар қызметінің негізгі қайнар көзі – 1997 жылғы 5 желтоқсанда Адвокаттық қызмет туралы Заңы қабылданған болатын<sup>3</sup>. Осы заңның арқасында адвокаттық қызмет конституциялық құқықты жүзеге асырудың тамаша кепілі болды. Қазақстан Республикасындағы қайта құруларға байланысты 2018 жылы 5 шілдеде Қазақстан Республикасының Адвокаттық қызмет және Заң көмегі туралы жаңа Заңы қабылданды және қолданысқа енгізілді<sup>4</sup>. Аталған заңның ережелеріне сәйкес адвокат өз қызметін сот ісін жүргізудің әртүрлі түрлерінде жүзеге асыруға құқылы. Азаматтық, қылмыстық, конституциялық және басқа да іс жүргізу түрлеріндегі адвокаттың құқықтық және процессуалдық мәртебесін ажырату адвокат мәртебесіне ие тұлғаның мәртебесін толық анықтауға, сондай-ақ оның өкілеттігі мен құзыретін бағалауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, адвокат негізінен қылмыстық сот ісін жүргізудің субъектісі болып табылады деген пікір қалыптасқан. Әрине, адвокат қорғаушының азаматтық іске қатысатын өкілден, заңгерден немесе заң кеңесшісінен басты ерешелігі оның қылмыстық іске

---

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының Адвокаттық қызмет және Заң көмегі туралы 2018 жылғы 5 шілдедегі Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000176> (жүгіну уақыты: 22.01. 2025)

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs> (жүгіну уақыты 12.01.2025)

<sup>3</sup> Қазақстан Республикасының Адвокаттық қызмет туралы 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Заңы (күші жойылған) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000195> (Жүгіну уақыты 20.01. 2025)

<sup>4</sup> Қазақстан Республикасының Адвокаттық қызмет және Заң көмегі туралы 2018 жылғы 5 шілдедегі Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000176> (жүгіну уақыты: 22.01. 2025)

қатысуға рұқсат беретін лицензиясының болуында жатыр. Бірақ адвокат лицензиясы болсын болмасын, қылмыстық іске қатысумен шектелмейді, өйткені адвокат азаматтық, конституциялық және әкімшілік істерді қарауға және шешуге қатысуға құқылы. Бұл зерттеудің өзектілігі адвокаттың қылмыстық және азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуының тиімділігіне әсер етуі мүмкін проблемаларды зерделеумен, азаматтардың сапалы және білікті заң көмегін алуға конституциялық құқығын жүзеге асыру мақсатын көздейтін құқық қорғау органы ретінде адвокаттар алқасының рөлінің маңыздылығымен түсіндіріледі [1 – 4].

Қылмыстық іс бойынша күдіктінің немесе айыпталушының құқығы кез-келген адамның қорғаушысы ретінде қылмыстық процеске қатысуды білдірмейді деп бірнеше рет атап өтті. Керісінше, сот органы білікті заң көмегін көрсететін адам мәртебесінің маңыздылығын атап көрсетеді, өйткені күдіктінің немесе айыпталушының қажетті кәсіби дағдылары жоқ адам жүзеге асыратын қорғау сот төрелігінің беделіне нұқсан келтіруге, оның негізгі принциптері мен міндеттерін бұзуға, сондай-ақ мемлекеттің әрқайсысына білікті заң көмегіне кепілдік беру міндетін бұзуға қабілетті.

Адвокаттың қылмыстық процеске қатысу мәселелері 1997 және 2014 жылдары қабылданған екі Қылмыстық процессуалдық кодексте құқықтық реттеу нысанасына айналды. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесстік кодексінің заңды күшіне енген кезінен бастап екі заңмен – 2015 жылғы 31 қазандағы Заңмен және 2015 жылғы 21 желтоқсандағы 2015 жылғы жәбірленушілердің өкілдері де 2016 жылғы 28 желтоқсандағы Заңымен өзгертілді. Көрсетілген мән-жай заң шығарушының қылмыстық сот ісін жүргізуде қорғауды ұсынатын адвокаттарға ғана емес, сонымен бірге, жәбірленушінің мүдделерін білдіретіндерге де жіті назар аударғанын куәландырады [5, 341 б.].

Азаматтық қорғау адвокаттарының қызметтерін көрсету қылмыстық қорғаушы қызметтерін көрсетуден айтарлықтай ерекшеленеді. Егер бірінші жағдайда қорғаушы сот талқылауында қорғаушы ретінде әрекет етсе, екінші жағдайда ол өз қорғауындағы тұлғаның өкілі болып табылады және осы процесстің негізгі қатысушысы ретінде белсенді рөл атқарады. Бұл ерекшелік құқықтық қатынастардың ерекше сипаты мен даулардың ерекшеліктеріне байланысты.

### *Материалдар мен әдістер*

Мақалада жалпы ғылыми, тарихи талдау, құқықтық салыстырмалы, нысанды-логикалық әдістер қолдану арқылы ұсынылған материалды зерделеуге және маңызды ақпараттық құрамды анықтауға мүмкіндік болды. Сыни көзқарас бойынша нормативтік актілермен жұмыс істеу кезінде дереккөздерді жүйелеу және жіктеу салыстыру принципі, қолданылды.

Мақаланың мақсаты – сот ісін жүргізудің әртүрлі түрлеріндегі адвокаттың іс-әрекетіндегі процессуалдық айырмашылықтарды зерттеу, ерекшеліктерін түсіну. Осы мақсатқа сай адвокаттың қылмыстық және азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуының негізгі белгілерін, ерекшеліктерін анықтау және сот ісін жүргізудің әртүрлі түрлеріндегі адвокаттың процессуалдық ұстанымы арасындағы өзара байланысты теориялық салыстыру және белгілеу міндеттерін шешу болды.

Бұл мәселені талдап, шешуді ресейлік ғалымдар Колоколов Н.А., Рагулин А.В., Давлетов А.А., және ғылыми әзірлемелерге бай Тыныбеков С.Т., Жамиева Р.М., Каиржанов Е.И., тәрізді отандық ғалымдар, профессорлар, заң ғылымдарының докторлары жүргізгенін айта кеткен жөн.

### *Нәтижелер мен талқылаулар*

Қылмыстық іс жүргізу заңнамасы Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесстік кодексінде адвокат қорғаушылардың қылмыстық іске қатысуы реттеледі<sup>5</sup>. Онда

---

<sup>5</sup> Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесстік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> (жүзгіну уақыты: 04.02. 2025)

адвокаттардың қылмыстық іс қозғалмай тұрып, күдікті азамат ұсталған, тұтқындалған кезінен бастап қатысуы бойынша құқықтары мен міндеттері көрсетілген. Негізінде Қазақстандық қылмыстық процестік заңнамасы адвокат қорғаушыларды, шақыру, тағайындау арқылы жүзеге асырылатынын бекітеді. Мұндағы адвокат қорғаушыны шақыру дегеніміз, күдікті деп ұсталған азаматқа құқықтары мен міндеттерін іс жүргізуге өкілетті құқық қорғау органының қызметкері түсіндіргенде, оның адвокат қорғаушы алуға құқықтары бар екенін, және адвокатынсыз жауап бермеуге құқығы бар екенін ескертеді. Бұл жағдай тәжірибемізде де қолданылып жүргендіктен әрбір ұсталған адам өзінің адвокатын шақыруды ұсынады. Бұл шақыру бойынша қорғаушы тағайындау. Бұл жағдайда адвокат басынан бастап қылмыстық іске қатысқандықтан, ол іс жүргізу әрекеттерінің барлығының басы қасында болады. Яғни адвокат қорғаушысыз, қылмыстық іс бойынша бірде бір тергеу әрекеттері жүрмейді [6, 115 б.].

Ал керісінше көптеген жағдайларды, күдікті деп ұсталған адамдардың қорғаушының қызметіне материалдық жағдайы жетпегендіктен қорғаушы алудан бас тартады. Қылмыстық іске қорғаушының қатысуы міндетті болса, онда қылмыстық іс жүргізіп отырған өкілетті тұлға күдіктіге қорғаушы тағайындауға міндетті. Ол арнайы қорғаушы емес, жақын маңдағы адвокаттық алқадан не адвокаттық кеңседе кезекшілікте отырған адвокатты шақыртуы мүмкін. Ол адвокат басталған қылмыстық іс бойынша, іс жүргізуге өкілетті тұлғаның қаулысымен қорғаушы ретінде қатысады. Және оның адвокаттық қызметі бойынша әрбір қатысқан сағатының ақысы Республикалық бюджеттен төленеді.

Ал азаматтық іс жүргізуге адвокаттың қатысуы деген міндетті бап жоқ. Өйткені, азаматтық істер бойынша тек қана лицензиялы адвокаты ғана емес, жоғары заң білімі бар заң консультанттары да қатыса алады. 2018 жылғы Адвокаттық қызмет туралы Заң бойынша заң консультанты жоғары заң білімі бар, Заң консультанттар палатасына мүше болып тіркелген, аттестациядан өткен заң көмегін көрсететін жеке тұлға.

Азаматтық іс бойынша адвокат та заң консультанты да тек клиенті мен араларында келісім болғанда ғана қатысуға құқығы болады<sup>6</sup>.

Қылмыстық іс болсын азаматтық іс болсын адвокатқа өздері тіркелген Адвокаттық алқадан іс жүргізуге рұқсат беретін толық көлемде растайтын ордер қажет. Оны алу үшін қорғауындағы адаммен, клиентімен Келісім болуы керек. Ал өкілетті іс жүргізу субъектілерінің қаулысымен тағайындалған жағдайларда да өзі тіркелген Адвокаттар алқасының берген ордерінің іске қатыса алмайды. Азаматтық сот ісін жүргізуде адвокат-өкілдің жалпы өкілеттіктерін ресімдеудің негізгі құралы да ордер болып табылады [7, 167 б.]. Бірақ азаматтық іс бойынша адвокаттың ерекше құқықтары талап арыз беру, шағым беру, талапты мойындау және т.б. қызмет жасағанда ол өкілдік ететін адамның сенімхатымен белгіленуі тиіс Тұжырымдалған анықтама заңдық табиғатынан бастап белгілі бір келісімді қарауға жеке көзқараспен аяқталатын адвокаттық қызмет туралы барлық негізгі ақпаратты қамтиды.

Қазақстандық авторлар Жамиева Р.М., Каиржанов Е.И. клиенттің адвокаттың заң көмегінен бас тарту механизміне қатысты мына жайттарды айтады: Қылмыстық іс жүргізудің келген сатысында клиент өз қорғаушысынан бас тартуына құқық берілген. Егерде клиент пен арадағы келісім бойынша талаптарды орындамаған жағдайда, яғни, іс жүргізу әрекеттеріне қатыспаса, бір емес бірнеше рет кешігіп келіп, іс кейінге қалдырылып жатса, адвокат қорғаушының клиент мүддесіне немқұрайлы қарауы себеп болуы мүмкін. Клиент өзінің адвокатына сенімсіздік, күман туындаған жағдайда, одан кез келген уақытта бас тарта алады. Бұл оның басқа қорғаушы ауыстыруына, алуына құқық береді [8, 120 б.]. Ал қорғаушы клиенттен дәлелді себептер болмаса, кез келген уақытта бас тартуға құқығы жоқ. Өйткені, қылмыстық іс бойынша қорғаушының міндеті – өзінің қорғауындағы адамды қорғап шығу. Ол заңмен бекітілген. Қорғаушының қылмыстық іс бойынша қатысуға бас тартуы клиентінің бір

<sup>6</sup> Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377> (жүзгіну уақыты: 02.02. 2025)

адвокатты екінші адвокатпен ауыстыруын әкеп соқпайды. Керісінше ол күдіктінің не айыпталушының өздері қорғауын жол ашады. Ал азаматтық іс бойынша сенім білдірушіге адвокат не өкілден бас тартуға жеке құқық бермегенімен, оны бұл мүмкіндіктен айырмайды. Өйткені өкілдік беруші өкілге берген іс жүргізу сенімхатының күшін кез келген уақытта жоя алады. Бұл оны өз өкілін басқа өкілмен ауысыруға құқық береді. Болмаса өкілсіз азаматтық іске өзі қатыса беруіне қдергі жасамайды.

Адвокаттардың өзіне тапсырылған қызметтен бас тарта алмайтын тағы бір жағдайы, ерекшелігі - адвокаттың қорғау немесе өкілдік ету міндеттерін орындаудан бас тартуы. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексінің 69-бабының 2-бөлігінде адвокат қорғаушы өзі келісімге келген күдікті не айыпталушыны қорғаудан бас тартуға құқығы жоқ екенін білдіреді.

Сондай-ақ, өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын тағайындау кезінде және азаматтық іс бойынша азаматтық психиатриялық стационарға жатқызу кезінде күдікті сезікті, айыпталушылар қорғаушыны қажет етпеседе оны іс жүргізіп отырған органдар қабылдай алмайды. Өйткені, бұл істерге қорғаушы қатысу міндетті деп заңда бекітілген. Бұл норма Заңгердің кәсіби этика кодексінде де бекітілген. Демек, жалпы ереже бойынша қорғаушының өзі қабылдаған қорғауды соңына дейін келісіде көрсетілген негізде жүзеге асыруы керек. Өйткені, жоғарыда айтқанымыздай қылмыстық іс бойынша адвокат қорғаушының өзіне алға міндетті қорғауынан бас тарту себептері ешбір заңдарда белгіленбеген. Бірақ қалыптасып келе жатқан тәжірибе бойынша оларға адвокат пен клиенттің арасындағы сенімнің жоғалуына сай байланыс, қатынастың орнамауы, және сенім білдірушінің адвокаттың ұсыныстарына сай әрект жасамауы да негіз боп жатады.

Сонымен қатар, адвокаттың әрекетіне қатысты клиент тарапынан нақты нұсқаулардың болмауы да және адвокатқа оның өміріне немесе денсаулығына қауіп төндірумен қатар басқа себептерде әсер етуі мүмкін [9, 224 б.].

Адвокаттың азаматтық сот ісін жүргізуде мүдделерді білдіруден бас тартуына келетін болсақ, олардың айырмашылығы, бұл мәселе бойынша міндетті ережелер белгіленбегенін атап өткен дұрыс.

Адвокат өкіл азаматтық құқықтағы шарт келісім, мәміле ережелеріне сәйкес, клиентімен арада жасалған келісімді алдын ала орындаудан бас тартып, ол келісімді бұзуға құқығы бар. Өйткені, ол қылмыстық іс бойынша адвокат қорғаушы деп аталады да, азаматтық іске қатысатын адвокат ешқашан қорғаушы деп аталмайды. Ол тек өкіл ретінде қатысады. Керісінше қылмыстық іс бойынша қорғаушы болып қатысып жатқан адвокат қорғаушы қылмыстық іс үстінде азаматтық талап қойып, ары қарай қатысатын болса, ол адвокат өкіл ретінде қызметін жалғастыра береді. Ал азаматтық іске қатысып жатқан өкіл, егер азаматтық істен қылмыстың белгілері байқалып, іс жүргізу қысқартылып, қылмыстық іс жүргізуге тиісті тергеу органдарына не прокуратураға жолданса, онда адвокаттық қызметпен айналысуға лицензиясы жоқ өкіл ары қарай клиентпен арадағы келісім шартты тоқтата алады. Өйткені, ол қылмыстық іске қатысуға құқығы жоқ.

Осындай іс жүргізудегі адвокаттың іс жүргізу жағдайына теориялық салыстырмалы талдау жасау оның қылмыстық іске қатысуы мен азаматтық іске қатысу ерекшеліктерін, сот ісін жүргізуге қатысушы мәртебесін айқын ажыратуға, сондай-ақ өкілеттіктерін саралауға мүмкіндік береді [10, 284 б.].

Адвокат қылмыстық және азаматтық істерге қатысуымен қатар әкімшілік істерге де қорғаушы да өкіл де болып қатыса алады. Әкімшілік істе адвокат қорғаушыға сотқа дейін қатысу мүмкіндігін көрсеткенімен, нақты қандай істерде, қандай жағдайларда қандай шешім негізінде қатысуы көзделмеген. Сондықтан адвокатқа клиентімен арадағы келісім шарт бойынша өкіл болу рұқсатын берген деп түсінуге болады.

Азаматтық іс бойынша да әкімшілік іс бойынша да тапсырма бойынша қатысатын адвокаттармен яғни, сот өкілдерімен бірге кәсілетке толмағандардың заңды өкілдерінің

қатысу міндетті деп танылады. Қылмыстық іс бойынша да заңды өкілдерде белгіленген заң талаптары бойынша қылмыстық іске қатысу міндетті.

Әкімшілік іс бойынша тапсырма алған өкіл клиентімен келісім шарт арқылы іске қатысуға құқық алғаннан қатысады. Әкімшілік іс бойынша іс жүргізуге өкілетті тұлғалар адвокат өкілдің әкімшілік іске қатысуы бойынша қаулы шығаруы тиіс [11, 95 б.].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесілік кодексінде адвокаттардың қылмыстық процес бойынша қатысуы басынан бастап, іс бойынша дәлелдемелерді жинау, оларды сақтау, сараптамаларды тағайындау оны жүргізу әрекеттерінде көп кедергілерге кездеседі. Күдікті деп танылған клиентіне бұлтартпау шараларын қолдану, қамауға алу мен оның процессуалдық тәртібін халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру оның қызметін тиімді қолдануға әсер етер еді деген ой бар. Яғни, соның бірі, күдікті деп танылған адамға қылмыстық іс қозғалғанша қамақта ұстау мерзімін қырық сегіз сағатқа дейін қысқарту әрбір ұсталған адамның жеке бас бостандығының шектелуінің заңдылығы мен негізділігі бойынша міндетті болатын сот бағасын беруді қамтамасыз ету қажет [12, 229 б].

Тәжірибе көрсеткендей, көп жағдайда қылмыстық процесте негізгі клиенттен ақшалай сыйақы алу үшін толық және сапалы қорғау адвокатпен келісім бойынша жүзеге асырылады. Клиентпен тікелей келіскен қорғаушы, әрине, өз қорғауындағы адамды сапалы қорғауды да қамтамасыз ете алады. Өйткені адвокат қорғаушыға төленетін сыйақы мөлшері де, сыйақыдан басқа одан тыс, жол шығындарына, тағы басқа да кеткен шығын сомалардың болуы қорғаудың сапалы жүруіне әсер етуі мүмкін.

Өйткені барлық жағынан қамтылған адвокат қорғаушы, іс жүргізу әрекеттеріне, тергеу әрекеттеріне, сотқа уақытылы келуіне, жан жақты дәлелдемелер жинауына, қажет болса басқалардың қызметіне жүгінуіне ықпал етер еді. Ал тағайындау бойынша қылмыстық іске қатысқан адвокаттың ол іске деген қызығушылығы, жауапкершілігі барлық кезде жоғары бола бермейді. Сондықтанда тағайындау бойынша қатысатын адвокат қорғаушыларға да қызығушылығын тудыратын заң бойынша жағдайлар тәртібін енгізген дұрыс сияқты.

Азаматтық істерге қатысатын адвокаттар өкілдер деп танылғандықтан, барлық кезде адвокаттар бола бермейтіндіктен, олардың құқықтық жағдайы басқаша. Өйткені, азаматтық істерді біріктіретін заң консультанттары болғанмен олар, адвокаттық алқаға біріккен адвокаттар сияқты монополия жоқ. Олардың барлығы адвокаттар болмағандықтан, қазіргі кезде бізде азаматтық іске қатысатын адвокаттар қанша, қылмыстық іске қатысатын адвокаттар қанша деген бөлу болмайды. Және Азаматтық іске қатысқан адвокаттар саны мен қылмыстық іске қатысқан адвокаттардың статистикасы болмағандықтан, бір адвокатқа шаққандағы азаматтық істердің санын айқындау мүмкін емес.

Дегенмен, көптеген ақпарат көздері, соның ішінде тәжірибелі адвокаттардың сауалнамасы қылмыстық істер азаматтық істерге қарағанда адвокаттар тәжірибесінің 1/3 бөлігін құрайтыны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік бар. Қазіргі кезде интернет желілерінен де әрбір үшінші қазақстандық азаматтар заңгер мамандығын алмасада азаматтық істер бойынша заң кеңестерін беруге құштар. Ал азаматтық іске қатысуға тек жоғары заң білімі бар, Заң Консультанттар Палатасына мүше, заң кеңесін кәсіби негізде жүзеге асыратын заңгерлер ғана жіберіледі. Сондықтанда, барлық жағдайда, барлық кезеңдерде өз сұрақтарын кәсіби заңгерлерден кеңес алуы үшін қолайлы жағдайлар тудыру қажет сияқты.

Ал қылмыстық іске әрбір екінші азамат адвокат заңгерлер қатысуы қылмыстық іске қызығушылық тудырып, бәсекелестікті арттыру негізінде, адвокаттық лицензия алып, қылмыстық сот ісін жүргізуге мамандануға мәжбүр.

Сондықтан, азаматтық іске де қатысатын адвокаттар мәртебесін одан ары көтеріп, бір монополияға біріктіретін тиімді әдістерді қарастырып қана қоймай, оны тәжірибеге енгізу керек тәрізді. Бұл тәсіл заңгерлердің пікірінше, қарапайым адвокаттар заң қызметтері нарығының кәсіби деңгейі төмен қатысушылар болып табылатындығына байланысты, сондықтан кейде соттарда клиенттің мүддесін қажетті тәжірибесі жоқ адамдар қорғайды, соның салдарынан сот төрелігінің беделін түсіреді деген пікірді алға тартады.

Осылайша, жүргізілген бұл талдау бүгінгі күні қылмыстық немесе азаматтық істерді қарайтын адвокаттардың нақты санын Адвокаттар алқасы да Әділет Министрлігі де жүргізбейді. Сондықтан, олардың нақты санын анықтау мүмкін емес екендігіне негіз болады.

#### *Қорытынды*

Азаматтық сот ісін жүргізуде адвокат клиентке заң көмегін көрсетуге міндеттенетін тәуелсіз кәсіби заң кеңесшісі ретінде өкілдің іс жүргізу қызметін атқарады. Адвокаттың азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуының ерекшелігі - істі соттың қарауына және шешуіне клиенттің орнына өз бетінше қатысу мүмкіндігі. Яғни, адвокаттың сот процесіне клиентпен бірге қатысуға немесе өз қорғауындағы тұлғаның атынан және мүддесі үшін жалғыз әрекет етуге құқығы бар.

Қорытындылай келгенде, азаматтық істерді қарайтын адвокат өкілдер мәртебесін қылмыстық істерді қарайтын адвокат қорғаушылар мәртебесімен, жағдайына қарай теңестіруге мүмкіндік беру қажет. Өйткені, кеше қызметін жүзеге асыруды бастаған Заң Консультанттар Палатасының мәртебесі қазіргі Адвокаттар Алқасы сияқты мәртебеге жету үшін әлі де көп жұмыс жасау керек. Заң Консультанттар Палатасының мүшелеріне талапты күшейту, қатысқан істері бойынша уақтылы есептер беру, статистика жүргізу - бұл өз клиенттерінің көбеюіне, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша қызметін тиімді және толық жүзеге асыруға мүмкіндік беретін еді. Азаматтық сот ісін жүргізуде адвокаттық монополияны орнату тенденциясы Қазақстанда тез дамып жатқан жоқ, дегенмен көптеген ақпарат көздеріне сәйкес оны жүзеге асыру мүмкіндігі қазіргі онжылдықта жүзеге асырылуы мүмкін.

Жоғарыда айтылған адвокаттардың қылмыстық және азаматтық іске қатысу жағдайына теориялық салыстырмалы талдау жасау оның сот ісін жүргізуге қатысушы мәртебесін айқын ажыратуға, сондай-ақ, өкілеттіктерін саралауға және қолданыстағы заңнаманы елеулі түрде жақсартуға мүмкіндік береді.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1 Максимова В.А. *Адвокат-представитель как субъект профессиональной реализации конституционного права на судебную защиту по гражданским делам.* – 2018.

2 Рублев А.Г. *Адвокатская деятельность как конституционная гарантия квалифицированном правовой помощи // Вестник Уральского юридического института МВД России.* – 2019. – №2. [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/advokatskaya-deyatelnost-kak-konstitutsionnaya-garantiya-kvalifitsirovannompravovoy-pomoschi>

3 Федоров А.А. *Особенности деятельности адвоката-представителя в гражданском процессе // Вестник науки и творчества. Право.* - 2022. – С.10-13.

4 Мамонтов Н.И. *Представительство адвокатом интересов стороны в гражданском судопроизводстве [Электрон. ресурс].* – 2024. – URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=34067210](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34067210) (дата обращения: 02.01.2025).

5 Финк Д.А. *Некоторые вопросы реализации права адвоката на доступ к уголовно-процессуальной информации // Вестник Института Законодательства и правовой информации Республики Казахстан. Научно-правовой журнал №1(64)* – 2021. – С. 159-165.

6 Меирбекова Г.Б. *Қазақстан Республикасындағы Адвокаттық қызмет. Оқу құралы.* - Жеті Жарғы, 2012. -220 б.

7 Тыныбеков С. *Принцип обеспечения права подозреваемого и обвиняемого на защиту в уголовном процессе.* Алматы, 1997-210 с.

8 Жамиева Р.М., Каиржанов Е.И. *Тактика защиты по уголовным делам.* - Алматы: Оркениет, 2000. – 228 с.

9 Рагулин А.В. *Некоторые противоречия между законодательством об адвокатуре и законодательством, регламентирующим производство по гражданским делам, и их преодоление // Евразийская адвокатура.* – 2014 - №6 (13) - С. 26-31.



10 Колоколов Н.А. *Адвокат в уголовном процессе: учебное пособие для студентов вузов, обучающихся по специальности «Юриспруденция»* / Колоколов Н.А., Козьявин А.А., Пашутина О.С.; под ред. Колоколова Н.А. – 3-е изд., перераб. и доп. - М.: ЮНИТИ-ДАНА: Закон и право, 2017. – 511с.

11 Меирбекова Г.Б., Турганжанов А., Дәулетханова А.Қорғаушының әкімшілік іс жүргізуінің бастапқы кезеңіне қатысуы. //The VII International Scientific and Practical Conference «Science, trends and perspectives of development», February 21 – 23, Budapest, Hungary. 292 p.

12 Берсугурова Л.Ш., Айнабеков А.Т. Участие адвоката в уголовном процессе в Республике Казахстан // Вестник КазНУ. Серия юридическая. - №1 (77). - 2016. - 232 с.

#### References:

1 Maksimova V.A. *Advokat-predstavitel' kak sub#ekt professional'noj realizacii konstitucionnogo prava na sudebnuju zashhitu po grazhdanskim delam.* – 2018.

2 Rublev A.G. *Advokatskaja dejatel'nost' kak konstitucionnaja garantija kvalificirovannom pravovoj pomoshhi* // Vestnik Ural'skogo juridicheskogo instituta MVD Rossii. – 2019. – №2. [Elektron. resurs]. – 2024. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/advokatskaya-deyatelnost-kak-konstitucionnaya-garantiya-kvalifitsirovannompravovoy-pomoschi>

3 Fedorov A.A. *Osobennosti dejatel'nosti advokata-predstavitjaelja v grazhdanskom processe* // Vestnik nauki i tvorchestva. Pravo. - 2022. – S.10-13.

4 Mamontov N.I. *Predstavitel'stvo advokatom interesov storony v grazhdanskom sudoproizvodstve* [Elektron. resurs]. – 2024. – URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=34067210](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34067210) (data obrashhenija:02.01.2025).

5 Fink D.A. *Nekotorye voprosy realizacii prava advokata na dostup k ugolovno-processual'noj informacii* // Vestnik Instituta Zakonodatel'stva i pravovoj informacii Respubliki Kazahstan. Nauchno-pravovoj zhurnal №1(64) – 2021. – S. 159-165.

6 Meirbekova G.B. *Қазақстан Республикасындағы Адвокатық қызмет. Оқи құралы.* - Zheti Zharғы, 2012. -220 b.

7 Tynybekov S. *Princip obespechenija prava podozrevaemogo i obvinjaemogo na zashhitu v ugolovnom processe.* Almaty, 1997-210 s.

8 Zhamieva R.M., Kairzhanov E.I. *Taktika zashhity po ugolovnym delam.* - Almaty: Orkeniet, 2000. – 228 s.

9 Ragulin A.V. *Nekotorye protivorechija mezhdru zakonodatel'stvom ob advokature i zakonodatel'stvom, reglamentirujushhim proizvodstvo po grazhdanskim delam, i ih preodolenie* // Evrazijskaja advokatura. – 2014 - №6 (13) - S. 26-31.

10 Kolokolov N.A. *Адвокат в уголовном процессе: учебное пособие для студентов вузов, обучающуhsja по special'nosti «Jurisprudencija»* / Kolokolov N.A., Kozjavin A.A., Pashutina O.S.; под ред. Kolokolova N.A. – 3-е изд., pererab. i dop. - М.: JuNITI-DANA: Zakon i pravo, 2017. – 511s.

11 Meirbekova G.B., Turganzhanov A., Dәulethanova A. *Қорғаушының әкімшілік іс жүргізуінің бастапқы кезеңіне қатысуы.* //The VII International Scientific and Practical Conference «Science, trends and perspectives of development», February 21 – 23, Budapest, Hungary. 292 p.

12 Bersugurova L.Sh., Ajnabekov A.T. *Uchastie advokata v ugolovnom processe v Respublike Kazahstan* // Vestnik KazNU. Serija juridicheskaja. - №1 (77). - 2016. - 232 s.